

6D040600 – Режиссура мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Астана Балет» театры режиссурасының жанрлық және стилистикалық ерекшеліктері: теориялық тұжырымдамалар мен практикалық шешімдер» атты Кусанова Анипа Ерланқызының диссертация мәтініне АҢДАТПА

Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Қазіргі таңда Қазақстан хореографиясының режиссурасын республиканың бүкіл көркем шығармашылығы тұрғысынан жалпыұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде қарау қажет, себебі қойылымдық қызмет, балетмейстердің жеке шығармашылық тәжірибесінің кәсіби хореографиялық өнерде және халық шығармашылығында жинақталған ауқымды көркемдік және эстетикалық тәжірибемен тікелей байланыс саласы болып табылады. Бұл мәселе хореографиялық шығармамен жұмыс жасау барысындағы режиссерлық жаңа үрдістердің ерекшеліктерін, оларды әзірлеуді және енгізуді қарастыруды қажет етеді.

Шығармашылық процесті зерттеуші-хореограф тұрғысынан қарастыра отырып, хореографтар әртүрлі өнер жанрларын интеграциялау әдістерін қолданады, осылайша, режиссураның стилистикалық және жанрлық ерекшеліктерін зерттеудің өзектілігі мен маңыздылығын ғана емес, сонымен қатар отандық хореографияның жоғары көркем туындыларын жасаудағы дәстүрлі және инновациялық тәсілдерді білу қажеттілігін айқындайды. Қазіргі заманғы хореографиялық өнердің көркемдік тәсілдері мен құралдары арқылы көрініс тапқан, ұлттық идеяға деген режиссерлік көзқарас, балет қойылымдарын әзірлеу барысындағы мүмкіндіктерді кеңейтіп келеді. Бұл зерттеу жұмысында - «Астана Балет» театрының қойылымдары.

Сонымен қатар шақырылған шетелдік балетмейстерлердің тәжірибесін атап өту қажет, себебі осы тәжірибе олардың шығармашылық эксперименттері мен хореография режиссурасы саласындағы практикалық шешімдеріне негіздеме беретін теориялық тұжырымдамаларды ашады. Қоюшылардың үлкен практикалық үлесін талдай отырып, режиссураның теориялық аспектілерін кеңейтуге белгілі бір мән беретін шығарма жасау кезінде олардың теориялық және әдіснамалық әдістерінің саласын елемеуге болмайды.

Сахналық лексиканың стилистикалық ерекшеліктері, формалардың белгіленуі, балет спектаклінде пантомима мен хореография элементтерімен қатар мультимедияны (компьютерлік графика, голография, дыбыс жазу, жарық партитурасы) пайдалануы заманауи өнердің белгісі туралы айтады.

Дарынды қазақстандық және шетелдік балетмейстерлердің алуан түрлі стильдер мен жанрларға негізделген қойылымдарының арқасында театрдың репертуарын байытатын хореографияның әртүрлі бағыттары дамып келеді, бұл эрине ұжымның жеке стиліне объективті түрде әсер етеді.

Осыған байланысты, отандық хореографиядағы қазіргі заманғы режиссерлік бағыттардың даму үрдісінің бір бөлігі болып табылатын, Қазақстанның қазіргі заманғы балет режиссурасының жанрлық және

стилистикалық ерекшеліктерін ашуға ықпал ететін театрдың шығармашылық ізденісінің жаңа бағыттарын талдау осы жұмыстың қажеттілігін айқындады.

«Астана Балет» театрының режиссурасындағы жанрлық және стилистикалық ерекшеліктердің дамуы әр жаңа қойылымда әр түрлі үрдістерге ие болуына байланысты, театрдың қазіргі заманғы режиссурасы эксперимент сатысында деп санаймыз. Осылайша, театрдың өзіндік ерекше қолтаңбасын талдау және ашу, ұжымның өзгеріс үстіндегі құрылымын, оның теориялық тұжырымдамаларын зерттеуді қажет ететін режиссерлік практикалық шешімдерді түсінуге және айқындауға деген ұмтылыс осы зерттеудің өзектілігін анықтайды.

Диссертацияның мақсаты - Қазақстан хореографиясының қазіргі заманғы режиссурасының жанрлық және стильдік әралуандығын анықтау, «Астана Балет» театрының режиссерлік-қойылымдық қызметінің ерекшеліктерін, атап айтқанда, жалпыұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылатын шағын форма жанрындағы жұмыс бағыттарын зерттеу.

Диссертация мақсатына сәйкес **келесі міндеттер қойылды:**

1. Тарихи-теориялық зерттеу әдісін қолдана отырып, хореография режиссурасы саласындағы теориялық тұжырымдамалардың түрлерін зерттеу.

2. Құрылымдық талдау әдісі негізінде би өнері саласында әртүрлі жобаларды құру бойынша хореограф-режиссерлердің жұмыс әдістері мен принциптерін жүйелеу.

3. Қазақстанның балет өнеріндегі кіші формадағы режиссураның орны мен маңызын нақтылау үшін, талдау және зерттеу синтезі әдістерін қолдана отырып, хореографиялық қойылымдардың жанрлық-стилистикалық ерекшеліктерін анықтау және жалпылау.

4. Байқылау және сұхбаттасу әдісі арқылы «Астана Балет» театрының режиссер-хореографтарының шығармашылық стильдері мен өзіндік қолтаңбаларының алуан түрлілігін ашу және ұжымның репертуарлық саясаты негізінде қойылымдардың басым түрлерін анықтау.

5. Эмпирикалық әдіс негізінде шағын хореографиялық формалар режиссурасының дамуының негізгі заңдылықтарын анықтау және «Астана Балет» театрының ең жарқын режиссерлік шешімдеріне талдау жасау.

6. «Астана Балет» балетмейстерлерінің шығармашылық жобаларының сахналық көрсетілімін семиотикалық талдау әдісі арқылы Қазақстанның заманауи хореографиясының мәдени маңыздылығы контекстінде театр режиссурасының жанрлық және стильдік ерекшеліктерін зерттеу.

Зерттеудің негізгі әдістері:

- тарихи-теориялық әдіс;
- құрылымдық талдау әдісі;
- талдау және синтез әдісі;
- бақылау және сұхбаттасу әдісі;
- эмпирикалық әдіс;
- семиотикалық талдау әдісі.

Зерттеу гипотезасы Қазақстандағы хореография режиссурасын дамытудың жанрлық және стилистикалық ерекшеліктері («Астана Балет»

театрының шығармашылық ұжымының жұмыстары негізінде) отандық хореографиялық өнер саласындағы зерттеулерді ғылыми-теориялық тұрғыда байытудың, сондай-ақ қазіргі заманғы ұлттық хореография саласындағы шағын формалар жанрындағы көркем туындыларды әзірлеудегі режиссерлік-қойылымдық қызметті жетілдірудің негізгі критерийлерінің бірі болып табылатындығына негізделеді, бұл қазақстандық режиссер-хореографтардың әлемдік сахнада бәсекеге қабілетті болуларына елеулі үлес қосады.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы

Автор зерттеу барысында ғылыми жаңалығы бар келесі нәтижелерге қол жеткізді:

- балет спектаклінің жаңа формаларын жасауға ықпал ететін тұжырымдамалық режиссерлік тәсілдерді теориялық тұрғыдан толық түсінуге талпыныс жасалды, бұл Қазақстандағы хореография режиссурасының қазіргі заманғы дамуының өзіндік ерекшеліктерін айқындайды;

- республиканың ұлттық би өнерінің жалпы дамуындағы шығармашылық әлеуетін айқындау тұрғысынан хореографияның отандық режиссурасы саласындағы негізгі жанрлық және стильдік бағыттарына талдау жасалды;

- отандық хореографиялық өнердің түрлі жанрларын дамытуда ерекше рөл атқарған «Астана Балет» театрының балетмейстерлерінің қойылымдарында ұлттық стильдің еркін пластикамен, джаз-билермен, модерн өнерімен синтездегі ерекшеліктері анықталды;

- қазақстандық балетмейстерлер А. А. Тати мен М. Авахридің режиссерлік тәжірибелері хореографиялық қолтаңбаларының жаңалығы мен олардың ұлттық бидің үздік дәстүрлерін сақтаудағы маңыздылығы тұрғысынан қарастырылды;

- «Астана Балет» театры базасында театр репертуарын байытатын заманауи режиссерлік хореографиялық әдістемелерді беру тәжірибесі ретінде шетелдік балетмейстерлердің қойылымдары зерттелді. Бұл тәжірибе ұжымның жеке стиліне объективті әсерін тигізетіні анық.

- Заманауи технологияларды пайдалану арқылы спектакльдерді ресімдеудегі стилистикалық ерекшеліктерді ашу үшін "Астана Балет" театры балетмейстерлерінің шығармашылық ізденістерін ғылыми зерттеу бойынша жұмыс жүргізілді.

Қорғауға ұсынылған тұжырымдар:

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы, шешілген міндеттер мен алынған қорытындылар негізінде, келесі ережелердің ғылыми-теориялық негіздемесіне енгізілді:

1. Отандық режиссура әдістерін теориялық тұрғыдан ұғыну, Қазақстандағы хореография режиссурасының қазіргі заманғы дамуы, балет спектаклінің жаңа формаларының жүзеге асуына ықпалын тигізетін өзіндік ерекшеліктері бар екендігі туралы тұжырым жасауға мүмкіндік берді.

2. Отандық Хореография режиссурасы саласындағы түрлі бағыттарды талдау Қазақстанның ұлттық балет өнерін дамытудағы хореографиялық шығармалардың шағын формалардың әлеуетін анықтауға мүмкіндік берді.

3. «Астана Балет» театры балетмейстерлерінің шығармашылығындағы ұлттық стиль мен еркін пластика, модерн биі ерекшеліктерінің бірігуі ұлттық биді интерпретациялаудың жаңа формаларының ашылуына септігін тигізді, сол арқылы Қазақстанның қазіргі хореографиялық өнеріндегі жанрлық дамудың кеңеюіне жол ашты.

4. Жаңалық тұрғысынан қарастырылған «Астана Балет» театрының балетмейстерлері А.А. Тати мен М. Авахридін шығармашылығы мысалында сахналық шығармалардың шағын формалары отандық балет өнерінің қазіргі даму кезеңінде ұлттық би дәстүрлерінің сақталуына ықпал ететін театрдың жеке қолтаңбасының режиссерлік шешімінің негізі болып табылады

5. Хореографиялық қойылымдарды қою кезінде заманауи режиссерлік әдістемелердің маңызды тәжірибесін алуға мүмкіндік беретін, сондай-ақ заманауи жобалар үшін интеграциялық алаң ретінде қарастырылатын театрдың шетелдік балетмейстерлердің қойылымдарына ашықтығы, театр сипатының тағы бір қыры ретінде қарастырылады.

6. Ұлттық тақырыпты ашу үшін заманауи технологияларды қолдану арқылы қойылымдардың сахналық шешімінің ерекшеліктері «Астана Балет» театрының Қазақстан Республикасының хореографиялық өнеріндегі жетекші позицияларының біріне ықпал етеді, бұл, әрине, әлемдік сахнада жас балетмейстерлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелерінің апробациясы

Диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасының 18.02.2011 ж. № 407-IV «Ғылым туралы» Заңына және 5.04.034-2011 ҚР МЖМБС: Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру. Докторантура. Негізгі ережелер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес жазылған (2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген); сондай-ақ 2016 жылы 16 мамырда бекітілген Т. К. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА 2016-2026 жж. арналған стратегиялық даму жоспарының ғылыми-зерттеу бағытына сәйкес келеді.

Диссертацияның негізгі тұжырымдамалары 5 ғылыми жарияланымда, оның ішінде Scopus дерекқорына кіретін нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми басылымда, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда басылған төрт мақалада баяндалған.

1. Кусанова А.Е. «Об основных принципах современного режиссерского искусства» // «Вестник» КазНацЖенПУ. - 2019. - №4(80). – С. 327-331.

2. Kussanova A., Kulbekova A., Tleubayeva B., Nikolayeva L. Stylistic features and development trends of choreographic stage direction in Kazakhstan (Scopus) // Orsion. – 2020. - №91(36). – P. 74-87.

3. Кусанова А.Е. Особенности формирования профессиональной компетентности будущих режиссеров-хореографов в творческом вузе // Международный научный журнал «Наука и жизнь». - 2020. - №5(2). – С. 425-429.

4. Кусанова А.Е. Тенденции развития режиссерского искусства в современном Казахстане // Международный научный журнал «Наука и жизнь». - 2020. - №6(4). – С. 376-378.

5. Кусанова А.Е., Николаева Л.А. Внедрение современных технологий в процесс обучения // Журнал «Central Asian Journal of Art Studies». – Алматы: КазНАИ им. Т.К. Жургенова, 2020. – Т. 5, №4. – С. 125-141.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері келесіні айқындады: жас «Астана Балет» театры – ұлттық және классикалық хореографияның араласуы арқылы осы шығармашылық ұжымның одан әрі даму перспективаларын айқындап, заманауи хореографиялық ойға инновациялар әкелетін эксперименттік театр.

Жас, талантты балетмейстерлердің шағын формалар жанрындағы хореографиялық жобаларын талдау арқылы, отандық би өнерінің бұрынғы қырларын кеңейтуге және жаңа қырларын ашуға мүмкіндік беретін, балетмейстерлердің стандартты емес режиссерлік шешімдерге қабілеттілігі дәлелденді.

Олардың қойылымдарында бидің сезімталдығы мен ішкі психологизмі, әлемдік балет өнерінің эстетикалық негіздері жаңа қырынан ашылады.

Осы диссертациялық жұмыста «Астана Балет» театры режиссурасының жанрлық және стилистикалық ерекшеліктері Қазақстанның қазіргі заманғы балетмейстерлік өнерінің мақсаттары мен міндеттерінің ғылыми негізі және практикалық шешімдері ретінде теориялық тұжырымдамаларды талдау тұрғысынан зерттеліп, жинақталды.

Жүргізілген өнертанушылық талдау диссертациялық тақырыптың проблематикасына терең енуге және театр балетмейстерлерінің авторлық қолжазбасының жаңа үрдістерін, стильдік ерекшеліктерін анықтауға, театрдың репертуарлық саясатын қалыптастырудың тарихи және эстетикалық алғышарттарын егжей-тегжейлі көрсетуге мүмкіндік берді.

Қазақстан хореографиясы режиссурасының стилистикасы мен жанрлық саналуандығында болып жатқан қазіргі заманғы процестер сабақтастық және жаңашылдық қағидатына сәйкес отандық режиссерлік өнерді қалыптастырудың бастауында тұрған балетмейстерлердің шығармашылық мұрасы негізінде қаралды. Осыған байланысты театрдың шығармашылық ізденісінің бағытын ашу бұл Қазақстанның заманауи хореографиясының стилистикалық және жанрлық сан алуандығын дамытудың ғылыми-теориялық негіздемесі болып табылады, бұл үрдістің оның алдыңғы қатарында, әрине, «Астана Балет» театрының ұжымы.

Әлемдік және отандық балет өнерінің жетекші шеберлері енгізген дәстүрлерді ұстана отырып, қазіргі заманғы қазақстандық хореографтар бүгінгі өмірді терең философиялық тұрғыдан түсінуге арналған туындыларын жасауға ықпал ететін, заманауи технологиялармен іске асырылған дәстүрлердің синтезі болып табылатын балет спектакльдерін жасайды. Олардың жаңашыл ізденістері мен ұмтылыстары нәтижесінде Қазақстан хореографиясы режиссурасының жаңа заманауи формациясы пайда болады.